

М.А. ИСЕНОВ ЖӘНЕ МҰНАЙ ӨНДІРІСІ

Айса Инабат E-mail: aisainabat2001@mail.ru Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 2 курс магистранты Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі - т.ғ.д., Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессор - Ахметова Ұ.Т.

Аңдатпа. Еліміздегі алдыңғы қатарлы кен орындардың өзіндік даму жолы, өз алдына қалыптасқан тарихы бар. Кеңес заманының геологтары өткен ғасырдың басында-ақ Батыс Қазақстан аумағын, атап айтқанда Каспий маңы ойпатында, Гурьевтің бірқатар облыстары мен Мақат, Оңтүстік Ембі өңірінде мұнай мен газ өндірудің зор келешегі бар екенін алға тартты. Қазақстанның мұнай газ өнеркәсібінің қалыптасуы мен дамуында мұнайшы геологтардың ерен еңбектері нәтижесінде еліміз өркендеу жолына түсіп, қазіргі таңда әлем таныған мұнайлы өлке ретінде танымалмыз. Мақалада Қазақстанның XX ғасырдағы мұнай өндірісінің зерттелу тарихы, мұнай бұрғылау жұмыстары кезінде кездескен геологиялық және басқа мәселелер, олардың шешу жолдарындағы Қазақстан КП(б) ОК Гурьев облыстық партия комитетінің I-хатшысы М. Исеновтың атқарған қызметі архивтік деректері арқылы сараланды. Тірек сөздер: Қазақстан тарихы, қазақ ғылымы, мұнай, мұнай тарихы, тұлға, өндіріс, кен орындары, заман, кадр маман, архив, құжаттар Кіріспе. Еліміздің өнеркәсібі жалпы одақтық маңызы бар көп салалы ірі өнеркәсіп кешендерінің бірі ретінде Кеңес Үкіметі кезеңінен-ақ қалыптасты. Дегенмен, ұлттық өнеркәсіптің пайда болуы мен дамуы, кен орындарын жаңа технологиямен жабдықтау мәселелеріне одақ басшылығы аса көңіл бөлмегені де белгілі. Деседе, 1970 жылдары Маңғыстау аймағында ірі жаңа мұнай-газ кен орындарының ашылуы кешенді өнеркәсіптен мұнай-газ өндірісінің бөлініп, өз алдына бөлек қалыптасты. Қазақстанның мұнай-газ өндірісі өз бастауын 1899 жылғы Қарашұңғыл мұнай бұрқағынан басталғаны тарихтан белгілі. Ембі мұнайының табылуы және игерілуі майталман мұнайшылар, шетел, оның ішінде әсіресе Ресейдің зерттеушілері мен ғалымдардың қажырлы еңбектерінің нәтижесінде елеулі табыстарға қол жеткізді. Қазақстанның Одақ ішінде маңызды өнеркәсіптік кешеннің даму жылдары қоғам қайраткері Мұхамбет Айтұұлы Исеновтің еңбегі зор. М.Исенов басшылық еткен жылдары көмірсутегі өнімдерін іздестіру, өндіру 1890-1920 жылдары Жайық-Жем ауданында ғана жүргізілсе, 1930 жылдары Ақтөбе облысы, 1960 жылдары Маңғыстау мұнайы, 1980 жылдары Қызылордадағы Құмкөл кеніші, Батыс Қазақстанның Қарашығанақ кеніші ашылып мұнай газ кешенінің алып кен орындары қалыптастып, ұлттық экономикамызды қайта құруға мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мұнай-газ химия саласының дамуы экономиканы жаңғыртудың маңызды бағыты екенін атап, экономиканың басқа салаларына мультипликативті ықпал етеді, деп атап көрсеткен. Сондықтан да еліміз үшін дүниежүзілік озық тәжірибеге негізделген индустриалды-инновациялық стратегияны қалыптастырудың маңыздылығын ескере отырып, заманауи технологияға негізделген дүниежүзілік стандартқа сай сапалы өнім өндіретін өнеркәсіп орындарын дамыту керек. Оның өзі озық тәжірибелі, заманауи мамандарға тікелей байланысты екендігі сөзсіз. Кеңес үкіметінің әлеуметтік саясатына байланысты орын алған кемшіліктерге, ұлттың саясатындағы келеңсіз жағдайларға, материалдық өндіріске басты бағыт беруіне қарамастан, мұнай-газ саласындағы мамандар бай тәжірибе жинақтағанын көрсетеді. Оны ыждағатты 507 түрде зерттеп, пайымдаудың озық жақтарын бүгінгі күннің қажетіне орай пайдаланудың практикалық маңызы ерекше. Ұрпақтар сабақтастығын, өндірістік дәстүрлер жалғастығын қамтамасыз ету тұрғысынан да зерттеу тақырыбы өзекті, ол мұнайшылардың жаңа буынын қалыптастыруға, оларға

ұлтжандылық тәрбие беруге көмектеседі. Зерттеу әдісі. Зерттеуде логикалық, тарихи-салыстырмалық, жинақтау, қорыту, жүйелеу, әдістері қолданылды. Зерттеу барысында жаңа көзқараста методологиялық тұрғыда сараптауда зерттеу материалдарының архивтік негіздері басшылыққа алынды. Сондай-ақ, белгілі бір тарихи оқиғаларды немесе саяси ахуалдарды баяндауда архив материалдарын талдау әдісі кеңінен қолданылды. Тақырыптың зерттелу нәтижелері. 1961 жылы Батыс Қазақстан аумағындағы ірі кен орын Жетібай облысындағы бұрғылау жұмыстарының ұйымдастырылуы және Жетібайдың мұнай горизонттарының өнімділігі туралы зерттеу Қазақстан Компартиясының Батыс Қазақстан облыстық комитеті отырысында Қазақстан КП(б) ОК Гурьев облыстық партия комитетінің I-хатшысы М. Исеновтың «Оңтүстік Маңғышлақтағы мұнай - газ кен орындарын игеру туралы анықтама» атты баяндамасында берілген архивтік дерек. [1, 1п.]. Оңтүстік Маңғышлақтағы барлау жұмыстарын ұйымдастырудың кемшіліктерін аша баяндаған, КСРО Министрлер Кеңесінің «Қазақ КСР-ының Маңғышлақ түбегінде мұнай мен газға геологиялық барлау жұмыстарын одан әрі күшейту жөніндегі іс-шаралар туралы және осы кен орындарын өнеркәсіптік игеру бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу туралы» қаулысы [2, бп.]. 1963 жылдың соңында құрылған 70 бірлік штаты бар «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің тапсырыс берушінің мұнай-газ кен орындарын жайластыру, барлау пайдалану бұрғылауына басшылық жасау және мұнай-газ кен орындарын пайдалануға дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі функцияларын орындау мен бірлестікті кадрлармен жасақтау жұмысы талқыланған Крайком бюросының «Қазақстан КП ОК хатшылығының 1963 жылғы 7 мамырдағы қаулысы [3, 10п.]. Өзен-Құлсары-Куйбышев мұнай құбырын жобалау және салу жұмыстарын мен Гурьев ауданындағы мұнай зауытының тармақталуын ұйымдастыру туралы қаулы [4, 165п.], Өзен, Жетібай, Оңтүстік Маңғышлақта, Прорва, Каспий маңы ойпатында бірнеше аумақтарда құрылған жаңа кен орындар туралы [5, 306 п.]. Қазақстан КП(б) ОК Гурьев облыстық партия комитетінің I-хатшысы М. Исеновтың «Каспийде жаңа ірі өнеркәсіптік кешен құру проблемалары туралы» 1968 жылғы баяндамасы[6, 308п.], 1966-1970 жылдары Қазақ КСР-і Маңғышлақ түбегіндегі мұнай және газ кен орындарын игеруді жеделдету туралы» қаулы [7, 328 п.], «Гурьевтегі партияның XXIII съезі, «Гурьевнефтехимстрой» трестінің маңыздылығы туралы [8, 311 п.]. XIX ғасырдың 50-60 жылдарында жер қойнауында мұнай мен газдың едәуір қорларының болуын болжауға мүмкіндік берген көптеген оқиғалар орын ала бастады. Солардың ішінде Батыс Қазақстан облысындағы Маңғышлақтың байлығын зерттеу табиғи - климаттық жағдайлармен, халықтың аздығымен, жолдардың болмауымен және қажетті материалдық - техникалық базалардың жетіспеушілігімен артта қалып келді. Маңғышлақ өңірінің табиғи байлығын зерттеу соғыстан кейінгі, әсіресе елуінші жылдары қолға алына бастады. Бұл жылдары Қазақстан Компартиясының Батыс Қазақстан облыстық комитеті Қазақстан КП(б) ОК Гурьев облыстық партия комитетінің I-хатшысы қызметін өлкемізден шыққан белгілі қоғам қайраткері Мұхамбет Айтұұлы Исенов атқарған болатын. М.А.Исенов хатшылық қызмет атқарған жылдары Кеңес Үкіметі Батыс Қазақстан аумағында ірі геологиялық кен орындарының тізбегін жасады. Маңғышлақта, Гурьевте, Өзен, Индер сынды Қазақстан аумағының батыс бөлігінде бірқатар аумақтарда мұнай және газ өндірісінің орталығы деп танып, баға берді. Мысалы, 1957-58 жылдары Солтүстік Маңғышлақта мұнай барлау жұмыстары Қизан, Түбежік, Құсайн құрылымдарында барлау жұмыстары жүрді. Дегенмен, бұл өңірлерде барлау жұмыстары оң нәтиже бермеді. 1959 жылы Оңтүстік Маңғышлақ өңірінде Жетібай кен орнында терең барлау бұрғылау басталды. Онда 10100 метр көлемде бұрғылау жұмысы жоспарға алынды. Ал іс жүзінде 2548 метр тереңде нақты бұрғылау жүргізілген. 1960 жылы Жетібайда жоспар бойынша бұрғылау жалғасып, 5000 508 метр

бұрғылау жұмысы жоспарланып, дегенмен 4217 метр бұрғыланды. Осы 1960 жылғы №2 бұрғыланған ұңғыма бойынша жүргізілген электрометриялық жұмыстармен Жетібайдағы тау шөгінділерінің мұнайлылығы анықталды. Бұл туралы Қазақстан Компартиясының Батыс Қазақстан облыстық комитеті отырысында Қазақстан КП(б) ОК Гурьев облыстық партия комитетінің I-хатшысы М. Исеновтың «Оңтүстік Маңғышлақтағы мұнай - газ кен орындарын игеру туралы анықтама» атты баяндамасында: «1961 жылы Жетібайға 13000 бұрғылау жоспарланған болатын, оның ішінде жұмыстарды ұйымдастырудың төмен деңгейі мен үлкен апат салдарынан тек 5895 метр бұрғыланды. 1961 жылдың шілдесінде Жетібайда №6 ұңғымада тәулігіне 400 тоннаға дейін дебиті бар қуатты ашық мұнай фонтаны соғылды, ол апаттық сипатына қарамастан Жетібайдың мұнай горизонттарының өнімділігі туралы идеяны түбегейлі өзгертті және бұл кен орны елдегі ең ірі кен орындарымен бір қатарда болды» деген ойын жеткізген болатын [1, 1п.]. 1961 жылғы қазанда КСРО Министрлер Кеңесінің №964 «Маңғышлақ түбегінде және Каспий маңы ойпатының оңтүстік - шығыс бөлігінде мұнай мен газға геологиялық барлау жұмыстарын күшейту туралы және осы аудандарда анықталған мұнай кен орындарын пайдалануға дайындау туралы» қаулысында және оны іске асыру жөніндегі Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1962 жылы 19 қаңтардағы №41 қаулысында сол атаумен Батыс Қазақстанның және әсіресе, Оңтүстік Маңғышлақтың жаңа кен орындарының мұнай-газдылығы перспективаларына жоғары баға берілді. Қаулыда «бұл аудандардың ашылуы елде жаңа ірі мұнай өндіру базасын құру үшін үлкен маңызға ие» делінген. Оңтүстік Маңғышлақ бойынша жоғарыда аталған қаулыларда 1965 жылы Өзен кен орны бойынша А+В+С1 санаттары бойынша барлау бұрғылау және қорғау көлемін күрт ұлғайту міндеттері қойылды, сондай-ақ барлау мен болашақ мұнай кәсіпшіліктерін жайластыруға және бұрғылау жұмыстарын бұруға күрделі салымдар мен материалдық ресурстар бөлінді. Іс жүзінде Оңтүстік Маңғышлаққа ресурстар жеткіліксіз бөлінді және Оңтүстік Маңғышлақта барлау жұмыстары жоғарыда аталған қаулыларда көзделгеннен баяу жүрді. 1962 жылдары Өзен бойында бұрғылау біршама жақсы ұйымдастырылып отырған. Осы жылғы жоспар бойынша 8 ұңғыманы бұрғылау сынағынан шығарған. Дегенмен, бұл бұрғылау жұмыстары сәтті болмаған. Дәл осындай сәтсіз сынағалар Жетібай бойыншада орын алып отырған. Атап өтсек, 10 ұңғыма іс жүзінде сыналды, ал өзен бойынша 39 ұңғыманың орнына 13 ұңғыма сыналды. Осындай Оңтүстік Маңғышлақтағы барлау жұмыстарын ұйымдастырудың кемшіліктері КСРО Министрлер Кеңесінің қаулыларында ашық баяндалды. Атап айтсақ, Қазақстан Компартиясының Батыс Қазақстан облыстық комитеті отырысында Қазақстан КП(б) ОК Гурьев облыстық партия комитетінің I-хатшысы М. Исеновтың «Оңтүстік Маңғышлақтағы мұнай - газ кен орындарын игеру туралы анықтама» атты баяндамасында: «КСРО Министрлер Кеңесінің №952 «Қазақ КСР-ының Маңғышлақ түбегінде мұнай мен газға геологиялық барлау жұмыстарын одан әрі күшейту жөніндегі іс-шаралар туралы және осы кен орындарын өнеркәсіптік игеру бойынша дайындық жұмыстарын жүргізу туралы» қаулысында, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1962 жылғы 1 желтоқсандағы № 894 қаулысында атап өтілді. Осы қаулылармен барлау жұмыстарын бұру және Оңтүстік Маңғышлақта жаңа мұнай кен орындарын дайындау үшін қосымша ресурстар бөлінді», - деп шаруа жәйін тарқата түседі [2, 6п.]. Осы қаулыға сай Маңғышылақтағы Жетібай өңірінде сынау жұмыстары бірнеше жылға ұзарды. Жыл сайынғы ұңғымаларды сынау жұмыстары бірнеше есеге жақсарып отырған. Сынау кезінде алынған деректер жыл соңына дейін Жетібай бойынша А+В+С1 санаттарына шамамен 600-650 млн. тонна мұнай қорын ұсынуға мүмкіндік беріп отырған. Қазан айында № 1 ұңғымадағы Тенгинская барлау алаңында Юра шөгінділерінің көкжиегінен XIX газ фонтаны алынды, бұл ірі мұнай-газ құрылымының өнімділігін растады. Маңғышлақ

бойынша терең барлау бұрғылауының жалпы жоспарлы көлемі 1964 жылғы дерек бойынша 120 мың метрді құраған. Өзендегі барлау жүйесін қоса алғанда сол жылы 29 бұрғылау бригадасы, 10 мұнара монтаждау бригадасы және ұңғымаларды сынау бойынша 15 бригада жұмыс істеген. Сонымен қатар, «Маңғышлақмұнайгаз барлау» тресі бойынша жалпы тоғыз айлық бұрғылау жоспары 509 Қарағанды экспедициясы бойынша жоспарды орындамау есебінен 96,3% - ға ғана орындалды. Маңғышлақта терең барлау бұрғылау және ұңғымаларды сынау жоспарының орындалмауы бұрғылау жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізу технологиясының төмен деңгейінің нәтижесінде де, сонымен қатар, Маңғышлаққа Үкіметтің жоғарыда аталған қаулыларында көзделген ресурстардың толық бөлінбеуі және олардың біркелкі түспеуі нәтижесінде де орын алады. Тапсырыс берушінің мұнай-газ кен орындарын жайластыру, барлау пайдалану бұрғылауына басшылық жасау және мұнай-газ кен орындарын пайдалануға дайындау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі функцияларын орындау үшін 1963 жылдың соңында 70 бірлік штаты бар «Маңғышлақмұнай» бірлестігі құрылған. Мұндағы түрлі ұйымдары мен басқамада 1150 адам жұмыс істеген. Бірлестікті кадрлармен жасақтау Батыс Қазақстан есебінен де, еліміздің басқа да мұнай аудандарының есебінен де жалғасқан. Қазақстан КП(б) ОК Гурьев облыстық партия комитетінің I-хатшысы М. Исеновтің кезекті «Оңтүстік Маңғышлақтағы мұнай - газ кен орындарын игеру туралы анықтама» атты баяндамасында көрсетілген 1962 жылғы есебі бойынша: «Соңғы екі жылда тікелей Батыс Қазақстан облыстық партия комитеті мынаны жасады: 1963 жылғы ақпанда Қазақстан КП Крайком бюросы өңірлік ұйымдар басшыларының қатысуымен «Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының жұмысы және Маңғышлақ түбегінде және Ембі мұнай бассейнінің оңтүстік - шығыс бөлігінде геологиялық барлау жұмыстарын күшейту және мұнай өндіруді дамыту жөніндегі шаралар туралы» мәселені қарады. 1963 жылғы 19 мамырда партияның Крайком бюросында «Қазақстан КП ОК хатшылығының 1963 жылғы 7 мамырдағы қаулысын іске асыру туралы» мәселе қаралды», - деп тарқатады [3, 10п.]. Қаралған мәселе бойынша бюро мұнай барлаушыларға мәдени - тұрмыстық, медициналық және сауда қызмет көрсетудегі елеулі кемшіліктерді ашып, Қазақстан КП ОК-нің жоғарыда аталған қаулысын іске асыру жөніндегі нақты іс-шараларды бекіткен. Бюроның қаулысы мен белгіленген іс - шараларды орындауға практикалық көмек көрсету үшін Маңғышлаққа Крайкомның өнеркәсіптік-көлік бөлімі меңгерушісінің орынбасары Т. Атчибаева мен өңірлік ұйымдардың басшы қызметкерлерінен тұратын партия крайкомының бригадасы жіберілген. 1963 жылғы 8 тамызда Қазақстан КП крайкомының бюросы осы мәселені екінші рет қараған. Өңірлік шаруашылық ұйымдарының, әсіресе Батыс Қазақстан геологиялық басқармасының және «Маңғышлақмұнайгазразведка» трестінің басшылары жоғарыда аталған қаулыларды нашар орындап жатқаны көрсетілген. Ағымдағы жылдың тамыз, қыркүйек, қазан айларында Маңғышлаққа Крайкомның өнеркәсіптік - көлік бөлімі меңгерушісінің орынбасары Т. Атчибаев және өлкелік ұйымдардың көптеген басшылары бірнеше рет барып отырған. Нәтижесінде Қазақстан КП ОК крайкоммен Маңғышлақ барлаушылары мен мұнайшыларын азық-түлік және өнеркәсіптік тауарлармен жабдықтауды ұйымдастыруды жақсарту мәселелері қойылды, олардың кейбіреулері бүгінгі күні оң шешімін тапқан. Мұхамбет Исенов басшылық еткен жылдары КСРО Министрлер Кеңесі 1967 жылы Өзен-Құлсары Куйбышев мұнай құбырын жобалау және салу жұмыстарын қолға алған. Мұндағы негізгі мақсат Гурьев ауданындағы мұнай зауытының тармақталуы мен жылына 6-8 млн. тонна мұнай беретін арнайы пункт ұйымдастыру болды. Мұнай өндіру пунктіне арналған алаңды таңдау жөніндегі комиссия Жайық өзенінің оң жағындағы Гурьевтен 4 км қашықтықта орналасқан Гурьев-Астрахань теміржол желісінің № 19 разъезі таңдалған. М.Исеновтің берген есебіне назар салар болсақ: «Разрабатывается схемы направления

магистрального нефтепровода. По заявлению представителей проектного института за основу принято направление провода /1020мм/ Узень- Кулсары- Мақат- Индер- Уральск- Куйбышев, с ответвлением 186 км участка / Ф 700мм/ Кулсары-Гурьев» деп анықтама берген [4, 165п.]. Есеп бойынша тұжырым жасар болсақ, Өзен, Құлсары, Мақат, Индер, Орал секілді Батыс Қазақстан қалаларының аумағында мұнай өндіру жұмыстары қарқынды жүрген. Бұндай жолдың Үкімет үшін де пайдасы мол болды. 6 мың тонна құбыр мен 370 шақырым байланыс кабелін салуы мен Құлсарыда резервуар паркін және Мақат ауданындағы сорғы станциясы үшін 200 шақырым электр беру желілерін салу қажеттілігі жойылып, қаржыны біраз үнемдеуге жол ашқан. Бұл нұсқа магистральдық мұнай құбырын пайдалану үшін де, оны 510 перспективалы дамыту үшін де бірқатар артықшылықтарға ие бола алған. Осы мәселелерді алға тарта отырып, Қазақстан КП Обкомы және еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесінің атқару комитеті мұнай құбыры трассасының Гурьев арқылы өту нұсқасының ескерілуін қарастыру және оны жобалық тапсырманы бекіту кезінде қабылдау туралы ұсыныс енгізген. Гурьев облысы өзін жер қойнауындағы мұнай мен газ секілді минералды шикізаттың бай қоймасы ретінде геолог ғалымдардың назарын өзіне аударып келген аумақ еді. Ұзақ уақыт бойы қиын табиғи-климаттық жағдайларға, көлік коммуникацияларының және материалдық-техникалық базаның жетіспеуі себепті геологиялық-барлау жұмыстарының жүруін тежеп келген болатын. Облыстың шалғай және перспективалы аудандарын барлауға жоғарыда аталған мәселелер мүмкіндік бермеді. Дегенмен уақыт өте келе мұнайды табанды іздеу жұмыстары сәтті жүрді. Жаңа ірі мұнай-газ кен орындары ашыла бастады. Атап айтсақ: Өзен, Жетібай, Оңтүстік Маңғышлақта, Прорва, Каспий маңы ойпатында бірнеше аумақтарға барлау жұмыстары жүрді. Маңғышлақ түбегінің және бүкіл Каспий маңы ойпаты орасан зор халықтық-шаруашылық маңызға, ерекше жоғары перспективатураллы аумақ ретінде көзге түсті. Қазақстан КП(б) ОК Гурьев облыстық партия комитетінің I-хатшысы М. Исеновтың «Каспийде жаңа ірі өнеркәсіптік кешен құру проблемалары туралы» 1968 жылғы баяндамасында «Қазірдің өзінде барланған мұнай мен газ қоры бойынша Гурьев облысы елдің мұнай аудандары арасында Батыс Сібір, Татария, Башқұртстан және Куйбышев облыстарынан кейін бесінші орында, ал одақтас республикалар арасында Қазақстан РСФСР ден кейін екінші орында тұр», - деп дәйек келтірген [5, 306п.]. Баяндамада айтылған дерекке сүйенсек, Республиканың мұнай өндіру өнеркәсібі жоғары қарқынмен дамығанын байқай аламыз. Республикадағы мұнай барлау жұмыстарын жүргізуге арнайы бесжылдық жүйе ұйымдастырылған. Жаңа бесжылдықтың алғашқы жылдарында геологиялық барлау жұмыстарының тиімділігі біршама төмендеп отырған. Тіпті, жоспар бойынша мұнай мен газ қорларының өсуі бойынша бес жылдық тапсырманы орындамау қаупі туындаған. Ел арасында Маңғышлақ түбегінде және Каспий маңында жаңа ірі мұнай және газ кен орындарының ашылуындағы уақытша сәтсіздіктерге байланысты Батыс Қазақстанның болашағы шамалы деген бірнеше жағымсыз мәлімдемелер пайда бола бастады. Бұл елдің осы бай мұнай-газ ауданына назар аударуына біршама кері әсерін тигізді. Осы оқиғаның нәтижесі геологиялық-барлау жұмыстарының көлемінің қысқаруына әкелді. Геологиялық барлау жұмыстарының артта қалуына және қорларды дайындау қарқынының төмендеуіне, сондай-ақ мұнай өнеркәсібін дамытуда елеулі кемшіліктер мен қиындықтардың болуына байланысты, 1965 жылдың басында бұл мәселелерді облыстық партия комитетінің пленумында қарау қолға алынған. Пленумға дайындық барысында мұнай мен газдың жалпы перспективалық қорларын бағалауды, геологиялық барлау және іздеу жұмыстарының бағытын нақтылау, артта қалудың себептерін ашып, олардың тиімділігін арттыру жолдарын анықтау қажеттілігі туындаған. Бұл мәселе ірі ғалымдар, геологиялық қызметтердің, ғылыми-зерттеу институттарының, КСРО геология, мұнай өндіру және газ

өнеркәсібі министрліктерінің және республикалық ұйымдар мен ведомстволардың басшылары қатысқан арнайы геологиялық кеңесте алдын ала қаралған. Кеңес Батыс Қазақстандағы мұнай мен газдың бұрын есептелген және бекітілген перспективалық қорларын толық растап, ең бай және ерекше перспективалы ауданның даму проблемаларын жете бағаламау мен күмәнмен қараудың негізсіздігін алға тартқан. Осыған орай, Кеңес Үкіметі ағымдағы бесжылдықта мұнай мен газ қорларын ұлғайту жоспарының орындалмауына әкеп соқтырған қателер мен кемшіліктерді ашып, геологиялық-барлау жұмыстарының тиімділігін арттырудың нақты жолдарын белгілей бастайды. Кеңес Үкіметінің Батыс Қазақстан облысы аумағының мұнай-газдылығы перспективаларын жоғары бағалауы ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығындағы геологиялық-барлау жұмыстарының практикалық нәтижелерімен айқын растала бастады. Бұл нәтижелерді Қазақстан КП(б) ОК Гурьев облыстық партия комитетінің I-хатшысы М. Исеновтың «Каспийде жаңа ірі өнеркәсіптік кешен құру проблемалары туралы» 1968 жылғы баяндамасында: «Батыс Қазақстандағы мұнай қорлары жылына 35-40 млн.тоннаға дейін мұнай өндеуге мүмкіндік береді. Бұл 511 «Батыс Қазақстанда жаңа ірі мұнай-газ өндіру орталығын құру және мұнай өндіруші аудандарда мұнай өндіруді едәуір ұлғайту туралы» XXIII съезде талқыланды. Бірқатар геологтардың пірінше, облыс аумағындағы мұнай қорлары болашақта мұнай өндіру деңгейін жылына 80-100 млн. тоннаға дейін жеткізуді қамтамасыз ете алады», - деп көрсетеді [6, 308п.]. Жаңа мұнай және газ кен орындарын игеру Гурьев облысында жалпы мемлекеттік маңызы бар жаңа ірі өнеркәсіптік кешеннің құрылуына әкелді. Жаңа мұнай кәсіпшіліктері, жұмысшы ауылдар мен шалғай аймақтағы қалаларда қатар ірі электр станциялары, жаңа зауыттар салына бастаған. Гурьев мұнай өндеу зауытының қуаты бесжылдықтың соңына дейін төрт есеге артуы мүмкіндігі туындады. Гурьев-Астрахань, Бейнеу - Күнград темір жол желілері салынып, Гурьев-Қандағаш теміржолында магистралін қайта жаңарту жұмыстары басталған. Ал келесі бесжылдықта Мақат-Индер, Александров-Гай темір жолының құрылысын салу жоспарға алынған. Соңғысының құрылысы В.И. Ленин қол қойған Кеңес өкіметінің алғашқы жарлықтарының бірінде жоспарланған. Сол кезде басқа міндеттерге байланысты теміржол желісінің құрылысы тоқтатылды. Халық шаруашылығын дамытудың мүдделері оның салынуын және құрылыстың басталуы В.И. Лениннің туғанына жүз жыл толуына арналуын талап етеді. Индерде ірі сода зауытын, Маңғышлақ мұнайының парафин қалдықтарында ақуыз-витаминді концентраттар зауытын салу жоспарға алынған. Өзен Гурьев-Куйбышев бірегей мұнай құбыры салына бастады. Мұның бәрі ел аумағындағы бұрынғы шөлді аймақтағы жаңаша перспективалы еңгізулер мен жаңашылдықтарға әкелді. Дегенмен, соңғы уақытқа дейін барлау жұмыстарын жоспарлау мен барлау кадрларын орналастыруда қателіктер мен кемшіліктер болды. Бұл мәселе бойынша облыстық партия комитеті әрдайым облыс аумағында барлау жұмыстарын жүргізетін министрліктер мен ведомстволар тарапынан қажетті қолдау жұмыстары әрдайым болмады. КСРО Геология және мұнай өндіру министрлігі геологиялық-барлау жұмыстары көлемінің қажетті өсуін қамтамасыз ете алмады. Дегенмен, кен орнын игеруге енгізуді жеделдету үшін мұнай горизонттарын сынамалық пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі қажетті іс-шаралар кешені жүзеге асырылуға тиіс еді. Ірі көлемде терең барлау бұрғылауын ұйымдастыру үшін құрылымдар қорын жылдам анықтау мақсатында осы ауданда геофизикалық жұмыстардың көлемін күрт күшейту қажеттілігі туды. Осы орайда жаңа мұнай кен орындарын игеру және мұнай кен орындарын игерудің жаңа прогрессивті технологиясын енгізу маңызды мәселе болып табылды. Бұл маңызды мәселе КСРО Министрлер Кеңесінде терең қаралған. Қазақстан КП(б) ОК Гурьев облыстық партия комитетінің I-хатшысы М. Исеновтың «Каспийде жаңа ірі өнеркәсіптік кешен құру проблемалары туралы» баяндамасында: «1966

1970 жылдары Қазақ КСР-і Маңғышлақ түбегіндегі мұнай және газ кен орындарын игеруді жеделдету туралы» қаулысымен Маңғышлақта ағымдағы жылда салынуға көзделген аса маңызды объектілер тізбесі жасақталды. Алайда, олардың кейбіреулері: Өзен және Жетібай кен орындарында, Шевченко-Өзен теңіз су құбыры, Өзен мен Жетібайда мұнайды дайындау және механикаландырылған өндіру объектілерін, газды кәдеге жарату объектілерін жобалау және салу кешіктірілді», - деп көрсетілді [7, 328 п.]. Баяндамада аталған кешігулер себепті, Ембі Мұнай кәсіпшілігінде ұзақ уақыт бойы тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық құрылыс тоқтатылған. Бұл ауданның мұнайшылары қиын жағдайда өмір сүрген. Ал мұнай өндіру министрлігі бұл мақсаттарға қаражат бөлмегенін айқын көре аламыз. Осындай жағдайлардың нәтижесінде құрылыс ұйымдарында ұйымдастырылудың төмендігіне байланысты құрылыс тоқтатылып отырған. Облыстың және бүкіл Батыс Қазақстанның мұнай өндіру өнеркәсібінің дамуын жеделдету үшін Өзен-Гурьев-Куйбышев мұнай құбырының құрылысы үлкен маңызға ие болған. Халық шаруашылығы жоспарына сәйкес ұзындығы 684 километр Өзен-Гурьев мұнай құбырының учаскесін ағымдағы жылдың өзінде ақ қолданысқа енгізу көзделінген. Дегенмен, ағымдағы жылда мәселе уақытылы қолға алынбай, тіпті мұнай айдау станциялары мен аралық жылыту пункттерінің алаңдарын салу жұмыстары өте баяу қарқынмен жүзеге асырылып отырған. КСРО мұнай өндіру және газ өнеркәсібі министрліктері Бейнеу станциясында және Гурьев қаласында мұнай құбырлары үшін тұрғын үй салу, сондай-ақ байланыс кабелін төсеу мәселелерін тіптен қарастырмаған. 512 Аталған министрліктер жақын арада үкіметтік құрылысты қамтамасыз етуге және мұнай құбырын іске қосуға байланысты барлық мәселелерді шешуі тиісті болғанын, Батыс Қазақстанда жаңа ірі өнеркәсіптік кешенді құруда Гурьев қаласында мұнай өңдеу және мұнай-химия өнеркәсібін дамыту үлкен маңызға ие екендігін Қазақстан КП(б) ОК Гурьев облыстық партия комитетінің I-хатшысы М. Исеновтың «Каспийде жаңа ірі өнеркәсіптік кешен құру проблемалары туралы» баяндамасында: «Гурьевтегі партияның XXIII съезінің директиваларында мұнай өңдеу зауытын кеңейту қарастырылған. Бесжылдықтың соңына дейін зауыттың қуаты шамамен 4 есе артуы керек. Бұл нысанның құрылысы қанағаттанарлықсыз жүргізілуде. Құрылыстың артта қалуының себебі, «Гурьевнефтехимстрой» трестінің әлсіз өндірістік қуаты және министрліктер қажетті көмектің болмауы болып табылады», - деп түсіндіреді [8, 311 п.]. Аталған есепке зер салар болсақ, ең өзекті мәселе - кадрлар, құрылыс техникасы және құрылыс материалдары болғанын аңғара аламыз. Десе де, сол кезеңде «Гурьевнефтехимстрой» тресі Гурьев қаласындағы жалғыз құрылыс ұйымы, сондай-ақ Одақ пен республиканың партиялық және кеңестік органдарының қаулыларында көзделген аса маңызды объекті болып табылды. Гурьев қаласында құрылыс ұйымдарын нығайту мәселелері аса маңызды полимерлік материалдар өндірісін ұлғайту қажеттілігіне байланысты одан да айқындыққа ие болған. Сонымен бірге, ағымдағы жылы Гурьев химиялық зауытында полиэтилен мен полипропилен шығаратын жаңа қуаттарды салу және іске қосу бойынша жұмыстардың үлкен көлемін орындау қажеттілігі туған. КСРО ауыр индустрия кәсіпорындарының құрылыс министрлігі қазірдің өзінде Гурьев қаласында өзінің құрылыс ұйымдарының қуатын арттыру бойынша ұйымдастырушылық-техникалық шараларды әзірлеуге тиіс еді. Жоғарыда атап өткен байланыс жолдарының да артта қалып келгенін айта кеткеніміз жөн. Мақат өзен бағытында қанаушылар Гурьев Кандагач учаскесінің өткізу қабілетінің төмендігіне байланысты айтарлықтай қиындықтарға тап болғаны да есепке алынған. Сонымен қатар, оны қайта құру бойынша жұмыстарды жүргізу мерзімі Гурьев-Астрахань және Бейнеу Күнградтың жаңа желілерін пайдалануға беру мерзімінен едәуір артта қалдырғанын да ескеру қажет. Сондықтан жоспарлаушы органдар мен қатынас жолдары және көлік құрылысы министрліктері Гурьев-Кандагаш желісіндегі жұмыстардың

тоқтауын, Гурьев - Астрахань және Бейнеу-Коңырат желілерін тұрақты пайдалануға беру уақытына дейін қолға алуға тиісті еді. Дегенмен, Өзен-Гурьев-Куйбышев мұнай құбыры пайдалануға берілгендіктен, осы құрылыстардың трассасы бойындағы ең бай пайдалы қазбалар кен орындарын іздеу мен игерудің едауір алды болды. Үлкен ұлттық экономикалық әсер Индердің шикізат ресурстарын кешенді игеруге мүмкіндік берген. Сондықтан Батыс Қазақстанның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасап қана қоймай, сонымен қатар жүктерді тасымалдау қашықтығы едәуір қысқарған кезде Орта Азия Республикасын елдің орталығымен байланыстыратын аса маңызды теміржол магистралі болып табылатын Мақат-Индер-Александров-Гай теміржол желісінің құрылысын бастау мерзімін жеделдету көзделген. Қорыта келе, біріншіден, Батыс Қазақстан аумағындағы мұнай-газ қорының зерттелу барысы өзіне тән қиындықтармен қатар дамыды. Геологиялық барлау жұмыстарының оң нәтиже көрсетіп, жақсы айналымға түсуіне де бірнеше кезеңдерден өту қажет болды. Батыс Қазақстан аумағында мұнай қорының табылуы және игерілуі халықтың, орыс зерттеушілерінің және ғалымдарының нәтижелі еңбектің жемісі болып табылды. Қажырлы еңбектің нәтижесінде жаңа мұнайлы алаңдар ашылып, ескі өндірістерде жаңа мұнайлы қабаттар табылды. Екіншіден, Мұнай өнеркәсібінің кең көлемде жедел өркендеуі өнеркәсіптің өзге салаларының – жеңіл, тамақ өнеркәсібінің, машина жасау, транспорт пен байланыс, құрылыс индустриясының, тұрғын үй, тұрмыстық мәдени объектілердің өркендеуіне жол ашты. Ғылыми-зерттеу және өнеркәсіптік-тәжірибе жұмыстары кең көлемде жүргізілді. Мұнай өнеркәсібінің дамуымен жұмысшы кадрлар қалыптасты. 513 Үшіншіден, Гурьев обылыстарында бірқатар әкелетін кен орындар мен Маңғыстау облысындағы мұнайлы алаңдар Одақ экономикасына оразан зор пайда әкелді. Каспий теңізінің солтүстігі мен шығыс жағалауындағы геологиялық, геофизикалық әдістермен анықталып, Теңіздің тұзасты қойнауын игеру Батыс Қазақстанның, бүкіл республика мұнай өндірісінің өркендеуіне жол ашты. Сонымен әр дәуірдің экономикалық дамуының өзіне тән қиындықтары мен мәселелері болды. Бұндай ел дамуының күрделі мәселелерін шешу жолдарында М. Исеновтей ел басқарған тұлғалардың атқарған қызметі архив құжаттарымен саралап, заманында елдің саяси-экономикалық дамуына шешімді ұйымдастыру жұмыстарымен айналысып, үлес қоса білген қоғам қайраткері деген тұжырымға келдік. Елі үшін еңбек еткен ер әрқашанда халық жадында.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. АОМА 193-қ. , 2-т., 74- іс. 2. АОМА 193-қ. , 2-т., 32- іс. 3. АОМА 193-қ. , 2-т., 76- іс. 4. АОМА 193-қ. , 2-т., 55- іс. 5. АОМА 193-қ. , 2-т., 35- іс. 6. АОМА 193-қ. , 2-т., 79- іс.